

«Сейфуллин оқулары – 12: Ғылым жолындағы жастар-болашақтың инновациялық әлеуеті» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-12: Молодежь в науке - инновационный потенциал будущего" . – 2016. – Т.1, ч.2 – Б.311-314

## **АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДА КАЛЬКУЛЯЦИЯЛАУДЫҢ ОРНЫ МЕН ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ**

*Падиша А., Булашева А.А.*

Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013 – 2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасына сәйкес іске асыру кезеңдері бірнеше бөлімдерге бөлінген. Бағдарламаның 2016-2020 жылдарға арналған екінші кезеңінде ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндіріс көлемін елеулі түрде өсіру, барлық негізгі тамақ өнімдері бойынша Қазақстанның импортқа тәуелділігін қысқарту, экспорттық әлеуетті іске асыру сияқты мақсаттар алға қойылған[1].

Бұл бағдарламаны жүзеге асыру кезінде барлық агроөнеркәсібі бар кәсіпорындардың қаржылық жағдайын қадағалап отыратын бухгалтерлік және қаржылық есептің маңызды орын алатынын ескеруіміз қажет.

Ұлттық шаруашылықты дамытуға байланысты бухгалтерлік есеп ең алдымен ауыл шаруашылық өнімдерін сату процесі мен аграрлық өндірісті басқаруды уақытылы жүргізілуін қамтамасыз етуі тиіс. Әрбір кәсіпорында өнімді сату мен қызмет көрсетуге байланысты шығындар мен оның өзіндік құнын есептеу үшін калькуляциялау процестері жүргізіледі.

Ауыл шаруашылық өнімдерінің өзіндік құнын калькуляциялау өнімнің бағасы мен көлемі туралы ақпараттың толық, нақты және уақытылы болуы және әрбір бөлімше бойынша бөлінуін көрсетуі керек. Ауыл шаруашылығындағы өнімдер жұмсалған қорлардың сапалық және сандық жағынан байланысты болып келеді . Мысалы өсімдік және егін шаруашылығында өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау ұлттық шаруашылықтың басқа да салаларымен бірегей жүргізілуі мүмкін, алайда өзінің айырықша ерекшеліктерімен өзгешеленеді. Оның бірі – маусымдылығы, яғни ауа райы қолайлығы, табиғи факторлары немесе мамандандырылуына байланысты.

Өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау не үшін қажет? Ең алдымен өнімнің (жұмыс, көрсетілген қызмет) өзіндік құнын калькуляциялау ұлттық шаруашылықты дамуға арналған жоспарланған агротехникалық, технологиялық, ұйымдастырушылық және экономикалық шаралардың тиімділігін анықтау үшін қажет [2].

Калькуляция дегеніміз-өнімнің, атқарылған жұмыстар мен көрсетілген қызметтердің бір өлшемге есептелінген өзіндік құны болып табылады. Ол кәсіпорын жұмысын жедел басқару үшін маңызды рөл атқарады және ішкі резервтерді дер кезінде ашуға және өнімнің өзіндік құнын жоспарлауға, өнімге, жұмыстар мен қызметтерге көтерме және бөлшек бағаларды негіздеуге пайдаланылады.

Өндірісті ұйымдастыру ерекшеліктері мен технологиясына байланысты өндірістегі шығындарды есепке алудың және өнімнің өзіндік құнын калькуляциялаудың бірнеше әдістері қолданылады. Ауыл шаруашылығының түрлі салаларындағы кәсіпорындарда қандай да бір әдісті қолдану өнімнің өзіндік құнын жоспарлау, есепке алу және калькуляциялау жөніндегі негізгі ережелеріне сәйкес белгіленеді.

Алдын-ала жасалатын калькуляция өнімді шығарғанға дейін өндіріске қажетті деңгейдегі шығындардың мөлшерін топшылайды. Оған жоспарлы, сметалық және нормативтік калькуляция жатады.

Жоспарлы калькуляция - өнімге (жұмысқа, қызметке) және бұйым бірлігіне мүмкін болатын шығындардың деңгейінде анықталады, бірақ ол кезде жалақының, энергияның, отынның, материалдардың нормасы, өндірістің технологиясы, сондай-ақ резервтері ескеріледі.

Нормативтік калькуляция ағымдағы жоспарлы калькуляцияның бір түрі болып табылады. Бұл аталған әдіс шығындарды есептеудің нормативтік әдісін және кәсіпорынның өзінде пайдаланып жүрген өнімнің өзіндік құнының калькуляциясын қолданады. Оның негізінде қол жеткен шығындар деңгейін сипаттайтын ағымдағы және әрекет етіп тұрған нормаларды пайдаланады. Нормативті калькуляцияның жоспарлы калькуляцияға қарағанда дәлділігі анағұрлым жоғарылау болып келеді.

Өнімнің өзіндік құнының нақты (есеп беру) калькуляциясы нақты шығындармен сипатталады, ал ол жоспардан кәсіпорынға байланысты себептері бойынша да (өнімді өндірудің орындалуы немесе орындалмауы, кейбір шығындар түрлерінің артық немесе кем жұмсалуы) және оған байланыссыз себептері бойынша да (материалдарға бағанын өзгеруі, амортизациялық аударымдардың нормасы, суға, газға, жылуға, электр энергиясына тарифке өзгерістер енгізілуіне байланысты) ауытқуы мүмкін [3].

Калькуляциялау кезінде өнімнің өзіндік құнының калькуляциясын және шығындарды есептеу объектісін дұрыс белгілеу өте үлкен рөл атқарады. Ауыл шаруашылығында өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау ерекшеленеді.

Өсімдікті өсіру және егін шаруашылығында өндірістің тұрақтылық жағдайында нормативті әдіс пен шығындарды жоспарлау әдістерін қолданған жөн. Ауыл шаруашылығындағы нормативті шығындар - өндірістің табиғи климаттық және ұйымдастыру-технологиялық шартындағы жер, жануарлар мен әртүрлі ресурстарға кеткен еңбек пен өндіру шығындары жатады. Сонымен қоса ауыл шаруашылығын өндірушілер нормативті өзіндік құн негізінде барлық өнімнің бағасын нарықтағы бағамен салыстырып талдай алады.

Нормативті әдіс ең тиімді әдістердің бірі болып табылады. Себебі бұл әдіс шығындарды басқару есебінде басқару мен жылдамдылық жағынан толығымен келеді. Алайда ол тәжірибе жүзінде тек методологиялық және нормативті базасы толығымен сәйкес келетін ұйымдарда ғана жүзеге асырылады. Сонымен қоса нормативті әдісін ҚР ауыл шаруашылық

кәсіпорындар мен ұйымдарында енгізу үшін кәсіпорында білікті мамандар болуы тиіс.

Нормативті әдіс өзіндік құн негізінде есептеледі және жедел талдау мен стратегиялық шешімдерді жедел түрде жүргізуге мүмкіндік береді. Сонымен қоса, нормативті әдіс шығындарды бөлу жағынан басқару есебінде тиімді болып табылады. Бұл әдістің негізінде кәсіпорын жедел әрі нақты анализ жасап, шығындармен басқарып жоспарлауға көмегін тигізеді.

Басқа мемлекеттердің тәжірибесі көрсеткендей, барлық ауыл шаруашылық ұйымдар нормативті әдісті қолдана бермейді. Ең алдымен бұл климатқа байланысты болуы мүмкін. Себебі маусымға байланысты қосымша резервтегі шығындар, басқа да материалдық, еңбек шығындары туындауы мүмкін [4].

Нормативті өзіндік құнды есептелуін ай, тоқсан немесе жарты жыл сайын шикізат пен материалдар, еңбек шығындары, механизациялау нормативтері негізінде жасау қажет. Мысалы, Украина мемлекетінде ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі өндірісіне ортасалалық нормативті шығындар жасалып қарастырылуда. Олар технологиялық карталарда әр өнім түрі бойынша жүзеге асырылады.

Жалпы ауыл шаруашылығы саласының, соның ішінде мал шаруашылығы өндірісінің тиімділігіне құрамына шығындар және өнім шығыны есебі мен бақылау жүйесі енгізілетін ұйымдық басқару, жоспарлау, нормалау, талдау, ішкі бақылау шараларының әсері зор. Қазіргі ауылшаруашылығы тәжірибесінде бұл мәселелерге дұрыс көңіл бөлінбей, соның салдарынан мал шаруашылығымен айналысатын кәсіпорындар өндірісте шығындарды тиімсіз жұмсап, көп жағдайда материалдық шығынға ұшырап отырады.

Зерттеулер нәтижесінде мал шаруашылығы өндірісімен айналысатын кәсіпорындарда басқару есебі төмендегідей талаптарға жауап беруі қажет:

- өндіріс үдерісінің технологиялық ерекшелігіне байланысты өндіріске жұмсалынатын негізгі және үстеме шығындар міндетті түрде нормалануы (мөлшерленуі) қажет және есепті мерзімнің соңында нақты шығындар нормамен (мөлшермен) салыстырылып, ауытқу есебі бөлек жүргізілуі қажет;
- өндіріске жұмсалынған шығын мөлшері мен алынған өнім көлемін дер кезінде және толық көрсетуге тиісті;
- құрылымдық бөлімшелерге қызмет көрсеткен басқа құрылымдардың қызметі дер кезінде есепке алынуы тиіс;
- құрылымдық бөлімшелерде өндіріс құралдарының, еңбек ақы қорының дұрыс пайдаланылуына, жем-шөп және басқа да материалдық ресурстардың мөлшерге сәйкес жұмсалыуына жедел бақылауды қамтамасыз ету қажет.

Мал шаруашылығындағы өндіріс шығындары есебі мен өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау төмендегі шығын баптары бойынша ұйымдастырылады :

- материалдар;

- өндірістік жұмысшылардың еңбекақылары;
- еңбек ақыдан аударымдар;
- үстеме шығындар [5].

Джаблан Стефановиктің талдауына сәйкес, замануи бәсеке кезінде өзіндік құнды калькуляциялаудың жаңа әдістерін қолдануымыз қажет. Оның айтуынша өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау барлық кәсіпорындарда маңызды рөл атқарады және кәсіпорынмен басқаруда септігін тигізеді. Себебі барлық табыс жұмсалған шығынмен тікелей байланысты. Калькуляцияның дұрыс жасалуының арқасында ғана кәсіпорын барынша бәсекеге қабілетті бола алады делінген. Бұл концепция өзіміздің Елбасымыздың «Агробизнес – 2020» бағдарламасын жүзеге асыруда өз септігін тигізуі мүмкін [6].

Өнімнің тиімділігін арттыру, кәсіпорынды басқару жағдайында өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау әр салада ең маңызды аспект болып келеді. Яғни осы калькуляциялау әдісін дұрыс ұйымдастыру мен таңдау тікелей кәсіпорынның экономикалық сапалық әрі сандық өсуіне байланысты. Сондықтан да әр кәсіпорында өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау негізгі элементі болып табылады. Ол үшін өнімнің өзіндік құнын есептелу дұрыстығын, ауыл шаруашылығындағы құжаттардың дұрыс толтырылуын, есептіліктің бухгалтерлік және қаржылық есптілікке сәйкес болуын, басқару шешімдерін дұрыстылығын қадағалау қажет.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013 - 2020 жылдарға арналған "Агробизнес-2020" бағдарламасы
- 2 Назарова В.Л. «Шаруашылық субъектілерінің бухгалтерлік есебі» ,Алматы, 2005
- 3 Апчорч А. Управленческий учет: принципы и практика [пер. с англ.] / А. Апчорч. – М.: Финансы и статистика, 2005
- 4 Ю.Г. Хасанова: Учет затрат, калькулирование и бюджетирование в отдельный отраслях производственной сферы. Конспект лекций. Бузулук БГТИ (филиал) ГОУ ОГУ, 2011
- 5 Себестоимость: от управленческого учета затрат до бухгалтерского учета расходов / Ефремова Анна Алексеевна. – М.: Вершина, 2012
- 6 Jablan Stefanovic, R (Jablan Stefanovic, Radmila), Costaccounting information system – meeting the new challenges. Proceedings of the International Conference Accounting and Management Information Systems, page: 149-164, published:JUN 13-14, 2012